Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

29 қазан сенбі
№86 (1890)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚЫЗЫЛОРДА АЛЫП ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Соңғы онжылдықтың бедерінде Алашқа ана атанған Сыр өңірінде құрылыс қарқыны бәсеңдеген емес. Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынды. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары бой көтерді. Көпқабатты тұрғын үйлер көбейді. Бірнеше шағын аудан мен кварталдар бой көтерді. Бір сол жағалаудың өзі осы сөзімізге дәлел бола алады.

Сыр өзенінің қос қапталын алып жатқан қалада биыл да қарқынды құрылыс жүруде. Қалалық құрылыс бөлімі берген мәліметке сүйенсек, биыл құрылыс жобаларын салуға 18 348,7 млн теңге бөлінген. Оның ішінде тұрғын үй құрылысына 8 070,1 млн теңге, инженерлік жүйелер жүргізуге 3 653,9 млн теңге, сумен жабдықтауға 2 239,8 млн теңге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округтерінде 150 орынды клуб салуға 574,2 млн теңге, газ жүйесін жүргізуге 2 664,3 млн теңге, пәтер сатып алуға 1 100,9 млн теңге, мемлекеттік органдардың объектілерін дамытуға 6,9 млн теңге, әлеуметтік қамтамасыз ету объектілеріне 13,6 млн теңге, қаланы абаттандыруға 24,9 млн теңге қаралған.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ХАЛЫҚ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕНІҢ СҰРАУЫ БАР

Қаланың қоғамдық ахуалын жақсартуда маңызды саланың бірі – тұрын үй коммуналдық шаруашылығы саласы. Әлеуметтің әлеуетін ілгерілету үшін ең алдымен қарапайым жағдай жасалуы қажет. Жол құрылысы, ауыз су мен жылыту жүйесі секілді халыққа қажетті бағыттар үздіксіз қамтылуы керек. Осы мақсатта Президент тапсырмасына сәйкес әкімдердің халықпен жиі кездесуі бір міндетіне айналды.

Кездесуде халықтың мұң-мұқтажын, қоғамдық қажеттіліктерін тыңдап, жауапты сала мамандарына мәселені шешу тапсырылады. Олардың орындалу барысы да үздіксіз бақылауда. Бүгінгі мақалада шаһардағы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстар легін жазуды жөн көрдік.

Белкөл кентінде жылдар бойы көтеріліп келген мәселе – теміржолдан өтетін жаяу жүргіншілер көпірі. Тұрғындардың бұл сұранысын қанағаттандыру мақсатында шойын жолдан өтетін арнайы жаяу жүргіншілерге арналған көпір салынатын болды. Оған облыс пен қалалық бюджеттен 252,2 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі кезде «Голден Сити ДС» серіктестігімен келісім шарт жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып кетті.

Шаһарда жол жөндеу жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. 2022 жылы Қызылордадағы 49 көшені жөндеу үшін 2 821,6 млн теңге қаржы бөлінген. Соның ішінде қалалық бюджеттен бөлінген 258,8 млн теңгеге жалпы ұзындығы 6,7 шақырымды құрайтын 14 көше орташа жөндеуден өтті.

2 БЕТТЕ

КӘСІПКЕРДІ ДЕ МАЗАЛАҒАН ПРОБЛЕМА АЗ ЕМЕС

Кәсіпкерлікті қолдап, шағын және орта бизнесті дамыту – әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енуге бет алған еліміз үшін өзекті мәселенің бірі. Өркениетті елдердің барлығы да өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына арқа сүйейді. Сондықтан да кәсіпкерлердің кәсібін дамыту мен кедергілерді жою, олардың мәселелерін шешу бүгінде маңызды рөл атқарады.

Осы бағытта қала әкімі Асылбек Шәменовтің бастамасымен әр ай сайын «Бизнеске арналған үкімет» ғимаратының ашық алаңында кәсіпкерлерді салалық мәселелері бойынша қабылдау ұйымдастырылуда. Сондай-ақ өтінішін айтып келген әрбір тұрғынның мәселесін жіті қадағалау тапсырылады. Себебі әрбір кездесудің нәтижесі болу керек.

Аптаның бейсенбісінде қала әкімі кәсіпкерлерді қабылдады. Кездесуге келген кәсіпкерлер несие алу, кәсіп жүргізуге қажетті жер телімін рәсімдеудегі кедергілерді жою жайын талқылады.

– Мен бұрыннан қолөнермен айналысамын. Сол арқылы шағын кәсібімді дөңгелетудемін. Алайда пандемия кезінде жұмысымыз жабылып қалды. Дегенмен келер жылдан бастап үйімді кепілдікке қойып, жеңілдетілген несие алуды жоспарлап отырмын. Осыған орай мүгедектігіме байланысты көмек және көмекші адамдар керек екенін айттым. Қала әкімі менің өтініш-тілегімді тыңдап, жауапты мамандарға тапсырды. Жұмыс істейтін жандардың кәсібін қолдауға мүмкіндік табатынын айтты, – дейді кәсібін дамытуды қолға алған Несібелі Мүсілімова.

Кәсіпкерлердің талап-тілегін тыңдаған шаһар басшысы қаланың дамуына жол ашатын тың, жаңа жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетілетінін айтты. Жалпы қала көлемінде шағын кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік бағдарламалар мен негіздерін түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген. Соның оң нәтижесінде облыс орталығында аталған сала бойынша өсу көрсеткіштері қалыптасып келеді.

2 БЕТТЕ

«NEET» САНАТЫНДАҒЫЛАР НЕГЕ КӨП?

«NEET» санатындағы жастар деген кім? NEET термині ағылшын тіліндегі «Not in Empoloyment. Education or Training» ұғымынан құралған. Бұл қазақ тілінде «не жұмыс істемейтін, не оқымайтын, не өзге де істермен айналыспайтын адам» дегенді білдіреді. Қазақстанда бұл санатқа енетін жастардың қатары көбейді. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Мәжілісте жаңа ұғым – «NEET» санатына қандай жастар кіретінін түсіндірген еді. Министр «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымға ұсынды.

– Елімізде жұмыссыз және оқудан шығып қалған жастар көп екені белгілі. Бұл мәселе заң жобасында кеңінен қарастырылған. Атап айтқанда, NEET санатындағы жастарды біз 4-ке бөліп қарастырдық. Оның біріншісі – жұмыссыз жастар, оқудан шығып қалған, колледждер мен мектептерден шығып қалған жастар. Біз оларды анықтаймыз, халықты жұмыспен қамту орталықтарынан деректері алынады. Екінші санатта – жұмыс істей алатын мүгедек жандар, үшінші санатта – әртүрлі созылмалы аурулармен ауыратын немесе алкоголь және басқа да зиянды заттарға тәуелді, белсенді емес жастарымыз бар, ол жастармен де жұмыс істеуді қолға аламыз, – деді ақпарат және қоғамдық даму министрі. Сондай-ақ NEET санаты бойынша төртінші санатқа үй шаруасындағы жастар, көпбалалы немесе жалғызбасты аналар енеді.

3 БЕТТЕ

ЕЛ ҮМІТІ ЖАҢА ЗАҢДА

Несие тақырыбы қозғалса, елең ете қалмайтын адам жоқ. Тіпті несие туралы Үкімет не айтар екен деп жоғары жақтан үміт күтіп жүргендер де аз емес. Бүгінде қарызға белшеден батқан қазақ азық-түлікті де несиеге алатын жағдайға жетті.

Өткен аптада Жетісу жұртымен жүздесуде ел Президентінің «жуық арада несие туралы айтатын боламын» деген бір ауыз сөзі елді «қарыздан құтылар ма екем?» деген үміт кемесіне мінгізді. Бір ауыз сөз сол күні-ақ көптің аузында жүрді. Тіпті несие мәселесі қалай шешілер екен деп, жаңалықты қалт жібермеуге тырысқан жұрт алаң күйге түсті.

Қалай айтқанда да, елдегі несие мәселесін шешу көп жұрт армандағандай жойылып кетпейтіні белгілі. Мемлекет басшысы несиеден-несиеге өмір сүрген халықтың қарызын жеңілдетудің бірден-бір жолы банкроттық туралы заңды тез арада қабылдауды меңзегені анық. Көп ұзамай-ақ республикалық қоғамдық штаб отырысында сөйлеген сөзінде ел Президенті: «Жеке тұлғалардың банкроттығы» туралы заң қабылданады. Ол қарыз алған азаматтарға шамадан тыс қарыз жүктемесінен құтылуға мүмкіндік береді. Қазір бұл бағыттағы басқа да шараларды ойластырып жатырмыз», – деді.



2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕНІҢ СҰРАУЫ БАР

Облыстық мәслихат шешімімен шілдеде 11 шақырым болатын 19 көшені орташа жөндеуден өткізу үшін 432,5 млн теңге қаржы бөлінген. Қазіргі кезде 14 көшені жөндеу үшін мердігер мекемемен шарт жасасса, 5 көшені жөндеуге мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі күтілуде.

Сондай-ақ қаладағы жалпы ұзындығы 34,4 шақырым болатын 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу үшін облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына бюджеттік өтінім берілген. Бұл жөндеу жұмыстарына 781,6 млн теңге қаражат қажет.

Қаладағы қоғамдық көлік мәселесі, әсіресе автобустардың жетіспеушілігі бүгінде шешімін табуда. Бұл мақсатта қоғамдық көліктер қатарын заманауи 150 автобуспен толықтыру туралы шешім қабылданған болатын. «КазТех» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, Қызылордаға үлкен сыйымдылықты «YouTong» маркалы көліктер әкелінетін болды. Бүгінде межелі автобустардың 60-тан астамы қала тұрғындарына қызмет етуді бастап кетті. Қалғаны қараша айында келеді деп жоспарланған.

Қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Биыл бұл мақсатта 780,2 млн қаржы бөлініп, көше тазалығы, елді мекендердегі санитарлық тазалықты сақтау үшін қаржыландыру мақсатында жұмсалуда.

Ал абаттандыру жұмыстары бойынша 2022 жылға 564 млн теңге бөлінген. Бұл қаражат мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, мажөндеуге жұмсалады. Ал бұл жұмыстар «SKKB Construction» ЖШС жауапкершілігінде.

Қаланың келбетін көркейтуде көгалдандыру жұмыстарының алар орны ерекше. Жасыл желектерді күтіп ұстау, баптау және ақтау жұмыстарына биыл 427 млн теңге жұмсалмақ. Мұнмыстарын «Barys2022» ЖШС тиісті атқарып келеді. Ал қалада орналасқан талдарды күтіп ұстау, балақтау, ақтау жұмыстары және ұңғымаларды, символдар алаңын күтіп ұстау жұмыстарын «SKKB Construction» ЖШС жүргізуде.

Бір жылдары шаһарды аяқ сумен қамту да күрмеулі мәселеге

шина және механизм қызметі, брусчатканы ағымдағы жөндеу, қоршауларды жуу мен сырлау, ескерткіштерді, су бұрқақтарын, аялдамаларды, аллея мен сквелерді, Қызылорда қаласының паспорттарын, контейнер алаңдарын, бильбордтарды, ҚР Тұңғыш Президенті саябағын, қаладағы балалар ойын алаңдарын күтіп ұстау және ағымдағы жасыл екпелерді суаруға арналған насостарды күтіп ұстау бойынша мердігер мекеме ЖК «Кушеков» және арық желілері мен каналдарды тазалау жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде жалпы сомасы 458 млн теңгені құрайтын 31 техникалық ұңғыма орнатылды. Техникалық ұңғымалардың 12-і қалада орнатылса, қалған 19-ы қалаға қарасты кент пен ауылдық округтерге орналастырылды.

Қаланың кішкентай тұрғындарының сұранысын қанағаттандыру мақсатында атқарылған жұмыстың бірі – көптеп балалар ойын алаңын салу. ҚР Президенті «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялауына байланысты шаһарда бірнеше спорт және ойын алаңы салыну қолға алынды. Қазіргі таңда 17 ойын алаңының құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. Жалпы шаһарда 37 спорт-ойын алаңын салу жоспарға енген.

Басы 1-бетте

P.S. Бүгінгі билік қолжетімді. Мұны әкімдер мен басшылардың халықпен жиі кездесуінен байқауға болады. Ал бұл кездесулердің тек «есеп» үшін еместігіне – қаладағы тұрғындар сұранысына сай атқарылған жұмыстар дәлел.

А.НҰРАЗҒАЛИ

ШЫТЫРМАН ЖАЗУ ШЕБЕРЛЕРІ

2018 жылдан бері «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС ұжымы Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауын ұйымдастырып келеді. Кенжелеп қалған жанрды қайта жандандыру, детектив жазуға ынталылар қатарын арттыруды мақсат еткен бұл байқау биыл да жалғасын тапты. Біздің өңір үшін бір ерекшелігі – байқаудың биылғы жеңімпаздары Сыр елінде марапатталады.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында байқауға байланысты ұйымдастырушылар арнайы кездесу өткізді. Баспасөз жиынына «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС директоры Досымбек Өтеғалиев, республикалық «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаева мен Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың директоры Нұрлыбек Мыңжас қатысты.

Жалпы бұл байқауды ұйымдастыру маңызды екені бірінші жылда-ақ анық болды. Себебі алғаш рет жарияланғанда редакция қоржынына 72 шығарма түскен. Міне, содан бері Заң корпорациясы үзбей бес жыл қатарынан байқауды ұйымдастырып келеді. Биыл бесінші рет өткелі отырған шытырман шығармалар байқауына Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетіп отыр.

Редакция қоржынына биыл 106 шығарма түскен. Үміткерлердің еңбегін сенатор Мұрат Бахтиярұлы, жазушы Серік Әбікенұлы, Қызылорда облыстық сотының Соттар әкімшісі Сағатбек Сүлеймен, Ә.Тәжібаев атындағы кітапхана басшысы Нұрлыбек Кәрібозұлы, «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС директоры Досымбек Өтеғалиев төрелік етті.

Тағы бір айта кетерлігі, осы уақытқа дейін өткен төрт байқау жеңімпаздарының шығармасы «ШЫТЫРМАН» деген атпен жеке жинақ етіп шығарылды. Кітаптың тұсаукесері Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада өтті. Ал биылғы байқаудың жеңімпаздары Достық үйінде марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚЫЗЫЛОРДА алып ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында СПМК-70/2 тұрғын ауданында ипотекалық 50 пәтерлі көпқабатты 10 тұрғын үй және Сырдария өзенінің сол жағалауында көпқабатты 11 тұрғын үй салынуда. Оның ішінде 50 пәтерлі көпқабатты 6 тұрғын үй және 40 пәтерлі көпқабатты 4 тұрғын үй мен 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандар жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралған. Мамандар құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқталады деп отыр. Бұдан бөлек жеке инвесторлар есебінен 18 үйдің құрылысы жүргізілуде.

– «Тұрғын үй құрылысын салу» бағдарламасы аясында өткен жылы басталған СПМК-70/2 тұрғын кварталында 50 пәтерлік ипотекалық 10 тұрғын үй пайдалануға беріледі. Сырдария өзенінің сол жағалауы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлік №34 тұрғын үй кезекте тұрған отбасыларға беріледі. Сонымен қатар Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданында барлығы 470 пәтерді құрайтын ипотекалық 10 тұрғын үй құрылысын бастауға облыстық ішкі көздері кредиттер есебінен қаржы бөлініп, мердігер мекемелер анықталды. Бұл тұрғын үйлер 2023 жылы тапсырылады, – деді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Әнуар Айдын Серікұлы.

Дария жағасында орналасқан қалада бұдан да бөлек қаншама құрылыс бар. Соның бір дәлелі ретінде «Неке сарайы», «Өнер орталығы», «Қан орталығы» сынды іргетасы қаланған алып құрылыс нысандарын атап өтуге болады. Жылу электр станциясының да іргетасы қаланғанын көпшілік жақсы біледі. Бұған ондаған балалар спорттық ойын алаңдарын қосыңыз. Осыған қарап-ақ облыс орталығының алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

Азиз БАТЫРБЕКОВ

Басы 1-бетте

ЕЛ ҮМІТІ ЖАҢА ЗАҢДА

Жалпы еліміздегі әрбір екінші тұрғын несие қамытын киіп отыр. Елдің қарызға батуына не себеп? Экономист-сарапшылар несие алуда көпшілік отбасы бюджетіне талдау жасамайтынын айтады. Экономист Э.Шамсутдиновтің пікірінше, несие төлемақысы табыстың 50 процентінен аспау керек. Бұған несие төлемақысы, пәтерақысы, коммуналдық төлем шығыны және басқа да ай сайынғы төлемақылар енуі тиіс. Қоғамда «төлей алмаса несие неге алады?» деген сұрақ жоқ емес. Мұның себебі көп. Бірінші нұсқа – көпшілік несиеге көбіне тұрмыстық техника алу үшін жүгінеді. Бүгін алмаса, ертең одан да қымбаттайды деген түсінікпен несиеге, тағы да несиеге ұмтылады. Несиеденнесиеге өмір сүретіндер де жоқ емес. Олардың несие алу мақсаты басқа. Олар несиеге киім, азық-түлік және басқа да қарызды төлеуге несие алады. Мұның соңы қарызды қайтара алмау мәселесіне келіп тіреледі. Бір қызығы, көпшілік өзінің нақты табысына емес, келешек көбейетін табысын болжап несие алады екен. Ал алдағы уақытта не болатынын ешкім де білмейтіні белгілі. Табыс өседі ме, әлде бүгінгі табысы қысқарып қала ма, ол жағы белгісіз. Сарапшылардың пікірінше, отбасы бюджетін есептей алмау, болжам жасай алмау тығырыққа әкеліп тірейді. Сондай-ақ «банк беріп жатыр, демек, төлей аламын» деген қате түсінік те жоқ емес.

Сарапшылардың пікірінше, халықтың несие мәселесі алдағы уақытта экономикалық өсімнің баяулауына әсер етеді, болашақта халықтың несие алуы қиындай түседі. Несие төлей алмағандар қолма-қол ақша ұстауға, салықтан жалтаруға мәжбүр болады.

Белгілі экономист Қуаныш Жайықов: «Қазақстанда 18 жастан асқан 12,9 млн адам бар. Президент бұған дейін елімізде 545 мың адамның несие төлеу мерзімі 90 күннен асып кеткенін айтқан еді. Бұл ересек халықтың 4,2 пайызы» дейді. Экономистің айтуынша, бұл 90 күн несие төлемеу фактісі елдегі нақты картинаны көрсете алмайды. Ал несие төлей алмау жылдан асып кетсе, онда мәселе бар деген сөз. Себебі кейбір адамдарда жұмыстан шығып қалу, ауырып қалу немесе айлық кешігу секілді мәселелер де болуы мүмкін. Сарапшылар үкімет мәселе тереңдемей тұрып шешім қабылдауы қажет дейді. «Банктерді несиені кешіруге мәжбүрлеу мүмкін емес. Зиян шеккен банк келесі жолы несие беруге дайын болмайды. 2019 жылы несиеге рақымшылық жасалды», – дейді экономист.

Сарапшылар несие мәселесін екінші жағынан қарау керегін ұсынады. Мәселен, елімізде 5 пайыз халықтың тұрмысы төмен. Олардың дұрыс тамақтануына, денсаулығын түзеуге табысы жетпейтіні анық. Бұл төленбеген несие мәселесінен де өзекті. Егер осы санаттағы адамдардың жұмысқа орналасуына, табыс табуына мүмкіндік жасалса, несие төлеу мәселесі өзінен-өзіне шешіле бастайды. Сонымен қатар несие бермеумен мәселе шешілмейтінін де алға тартады. «Адамдарға ақша қажет. Түрлі жағдайлар болады. Тез арада ақша қажет болады. Мұндайда банктен заңды түрде ақша ала алмаған жағдайда заңсыз жолдарға жүгінуге тура келеді. Сенімхат арқылы айына алған қарызының 10 пайызын төлеп тұруды міндеттеген кредиторлар да болды. Оны төлей алмаған жағдайда нағыз түсініспеушілік болатыны сөзсіз» дейді маман. Қарапайым тілмен айтқанда, процентке ақша беретіндер халықтың жағдайын қиындата түсетіні белгілі.

Қалай айтқанда да халықтың қарызын жеңілдетуге лайық заң тетігі болу қажет. Ел бұл заңнан үлкен үміт күтіп отыр...

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

КӘСІПКЕРДІ ДЕ МАЗАЛАҒАН ПРОБЛЕМА АЗ ЕМЕС

Ал қала тұрғыны Асия Сарықұлова мүгедектер қоғамында жұмыс істейді. Ол болашақта «Бақыт» клиникасын салуға қала әкімінен көмек сұрауға келіпті. Алдағы уақытта мүгедектігі бар кісілердің қолөнермен, басқа да түрлі істермен айналысуы үшін шағын қалашық салғысы келетінін жеткізді.

Кәсіпкерлердің талап-тілегін тыңдаған шаһар басшысы қаланың дамуына жол ашатын тың, жаңа жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетілетінін айтты.

Жалпы қала көлемінде шағын кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік бағдарламалар мен негіздерін түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген. Соның нәтижесінде облыс орталығында аталған сала бойынша өсу көрсеткіштері қалыптасып келеді.

Кездесу соңында қала әкімі кәсіпкерлермен жиі кездесіп, берілген тапсырмалар нәтижесін талқыға салатынын жеткізді.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

9 айда 187 азаматтық іс түскен

Қызылорда қалалық соты осы жылдың 9 айында атқарған жұмыстарын таразылады. Оны қалалық сот төрағасы Дархан Кентбаев жүргізіп, атқарылған іс-шаралар барысына кеңінен тоқталды.

Атап айтқанда, Қызылорда қалалық сотына мерзімді уақыт ішінде 6403 талап қою мен 187 азаматтық іс түскен. Салыстырмалы түрде қарағанда 2021 жылдың 9 айында азаматтық іс жүргізу тәртібімен барлығы 7808 талап қою, 269 азаматтық іс түскен. Аяқталған азаматтық істердің саны 4286-ны құрайды.

– Неке бұзу бойынша арыз-шағымдар көп түсуде. Бұған көбіне жұмыссыздықты, ерлердің ішімдік ішуін алға тартады. Балалары бар отбасыларды татуластыруға тырысамыз. Мәселен, 9 ай ішінде неке бұзу бойынша 919 азаматтық іс аяқталған. Оның ішінде 169-ы талап қоюшыға қайтарылған, 36 іс медиация тәртібімен қаралған, 319 қараусыз қалдырылған. Сонымен қатар алимент төлеуден қашып жүрген әкелер көп. Олар көбіне өздерін жұмыссыз ретінде көрсетеді. Осылайша төлейтін алименттерін аз етіп көрсетеді немесе төлеуге шамалары келмейтінін алға тартады, – деді Д.Несіпбайұлы.

Қазіргі таңда татуласу рәсімдерімен аяқталған істердің сандарын көбейту бағытындағы жұмыстар кеңінен қолға алынған. Мәселен, 9 ай ішінде 16 іс бітімгершілікпен, 525 іс медиация тәртібімен, 2 іс партисипативтік рәсім тәртібімен, яғни барлығы 543 іс татуласу рәсімдерімен аяқталған. Яғни былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырып қарағанда татуласу рәсімдерімен қараған істердің саны 232-ге көбейген.

А.АЙТЖАНОВА

«NEET» СААТЫНДАҒЫЛАР НЕГЕ КӨП?



Міне, осы жастарды жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері мен механизмдерін енгізуге ерекше назар аудару керектігін Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Үкімет отырысында арнайы айтты.

− Жастарды жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері мен механизмдерін енгізуге ерекше назар аудару керек. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңнан астам жастар шығады. Олардың жұмыс тәжірибесі жоқ. Сондықтан жастарға бірінші кезекте жұмысқа орналасуға көмектесу керек, − деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы мұндай жастар қатары көп өңірлерді де атады. Бұл облыстар қатарында Қызылорда облысы да бар екен. Мәселенің мәнісін дереу анықтау мақсатында Үкімет отырысынан бір күннен кейін, 12 қазанда облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілестің атына арнайы хат та жібердік. Үкімет басшысының тапсырмасын біздің өңірде орындау басталып кетті ме, әлде басқа ма, хатқа жауапты екі аптадан кейін ғана, 28 қазанда алдық. Бүгінгі мақалада осы мәселеге қатысты облыстық жастар ресурстық орталығының жауабын жариялямақпыз.

Орталық берген мәлімет бойынша, министрлік пен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы әзірлеген «NEET» санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық, есептеу әдістемесі мен жұмыс алгоритмдеріне сәйкес 98506 жастың өңірлік деректер қоры жасақталған. Жүргізген талдау бойынша жастардың көпшілігі жұмыс істеуге дайын, бірақ жұмыс істемейді және түрлі себеппен жұмыс іздемейтіні анықталған. Бұған білім тәжірибесінің жеткіліксіздігі, жұмысқа орналасу барысында көп жағдайда еңбек өтілінің сұралуы, мамандыққа сәйкес келмеуі, еңбек жалақысының төмендігі, біліктілігіне сәйкес жұмысты таба алмауы себеп болады-мыс.

«Жалпы өңірдегі NEET санатындағы жастардың дерекқор базасын жасақтау, алдағы уақытта осы санаттағы жастармен жұмыс істеу мақсатында 2021 жылдан бері Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда адрестік жұмыстар жүргізіліп келеді. Адрестік жұмыстар барысында NEET санатындағы жастарды анықтау, оларды қоғамға бейімдеу бағытындағы жоспарға сәйкес барлық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтарының бастамасымен ұйымдастырылған үй-үйлерді аралау барысында жастардың әлеуметтік санаттары анықталды. Бетпе-бет ақпарат алмасу процесіне арнайы әзірленген сауалнама бойынша ерікті түрде 87100 жас қамтылды. Қосымша тиісті мемлекеттік мекемелердің ұсынған (тоқсандық) 11406 жастың тізімі жинақталды. NEET санатындағы жастарды есептеудің бейресми формуласы бойынша өңірде 10363 жұмыссыз жас анықталды», − делінген облыстық жастар ресурстық орталығының біздің сауалымызға берген жауабында.

Орталық биылдан бастап жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету және кәсіпкерлікті дамыту, жастардың сұранысын қамтамасыз ету мақсатында облыс орталығына қарасты кент және мөлтек аудандарда «Мүмкіндіктер керуенін» ұйымдастыруды қолға алған. Бұл шараның өтетіні туралы 698 жұмыссыз жасқа хабарлама беріліп, 100 жас маманның тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасалған. Мысалы, Тасбөгет кентінде өткен шара барысында 37 мекемеден 216 жұмыс орны, сонымен қатар Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарынан 1392 бос жұмыс орындары ұсынылған.

Сондай-ақ 244 жұмыссыз және пробация есебіндегі 23 жас бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің қызметтерін пайдаланып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес алған. 12 жас тұрақты жұмысқа орналасып, 5 жұмыс беруші мекемемен келісім шарт жасалып, 6 мүгедектігі бар жасқа арнайы жұмыс орындары ұсынылған. Жастар тәжірибесі бағдарламасымен 15 жас маман уақытша жұмыс орындарына жолдама алған. Бұл «Мүмкіндіктер керуені» өткен бір шараның ғана мысалы.

Жастар арасында мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау мақсатында «Syr jastary» фейсбук парақшасында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» және «Дипломмен ауылға» бағдарламалары туралы ақпараттық бейнероликтер жарияланады. Мысалы, Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Сен сұлу» атты шеберлік сағаты өткен. Оған қаланың жас кәсіпкерлері «Aigera_mua» сән салонының шаш, бет әрлеуші маманы Бегайым Қонысбаева мен тырнақ әрлеуші Аружан Амантай қатысқан. Шеберлік сағаты барысында қатысушы қыздар мамандардан үй жағдайында қажетті құралдармен бет және шаш әрлеу жолдарын меңгерген.

Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қазіргі нарықта сұранысқа ие «Trendyol», «Taobao», «1688» сайттары арқылы өнім тапсырыс беру арқылы 0-ден бастап онлайн бизнес бастаудың тиімді жолдары туралы саланың эксперті, блогер Г.Нетбаевадан тегін шеберлік-сағат өтті. Шараға жұмыссыз, үйде отырған 15 қыз-келіншек қатысқан.

Міне, осы секілді шараларды облыстық жастар ресурстық орталығы үздіксіз жүргізіп келеді. Бұл өз кезегінде жастардың жұмыс істеуге деген құлшынысын арттырып, әр саланың қыр-сырымен танысуға мүмкіндік беретіні рас. Алайда бізге берген ақпаратта 26 қыркүйекке дейін өткен шаралар қамтылған. Ал Үкімет отырысынан кейін облыстық жастар ресурстық орталығы «NEET» санатындағы жастарды жұмыспен қамту бойынша ешқандай шара жүргізбеген немесе бұл туралы ақпарат берілмеді. Жұмыссыз жастарды тұрақты жұмыспен қамту үшін жаңа жоба дайындалып жатқан шығар...

Жалпы Қазақстанда жас мамандарды жұмысқа орналастыру мақсатында арнайы бірнеше жоба жұмыс істейді. Соның бірі – 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Жастар тәжірибесі» атты ұлттық бағдарламасы. Бұл бағдарлама техникалық-кәсіптік, орта және жоғары оқу орнынан алған білімінен кейін бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жүзеге асады. «Жастар тәжірибесіне» оқу бітіргеніне 3 жыл толмаған 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар орналаса алады. Бағдарламаның ұзақтығы – 12 ай, ал жалақы мөлшері – 30 АЕК.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту мақсатындағы тағы бір жоба – «Алғашқы жұмыс орны». Жоба жұмысқа алғаш рет орналасатын, еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қолдау мақсатында ұйымдастырылады. «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 29 жасқа дейінгі мүлдем жұмыс өтілі жоқ жұмыссыз жастар қатыса алады. Мұнда жалақыны субсидиялау мерзімі 18 ай, субсидия көлемі 30 АЕК-ні құрайды.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыру барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен мекемелерде ұйымдастырылады. Бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды жүйелі жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатыса алады.

Жалпы дамыған елдерде жұмыссыздық мәселесін шешу және жастарды жұмыспен қамту үшін арнайы бағдарлама жоқтың қасы. Олар керісінше жастарды ерте кезден-ақ жұмыс істеудің маңыздылығын түсіну үшін әрекет етеді. Мысалы, жоғары сыныптарда оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Мұнда оқушылар арнайы өндіріс орындарына барып, белгілі бір мамандықтың қыр-сырымен танысады. Бір ерекшелігі, ешқандай үгіт-насихат жұмыстары жүргізілмейді. Сол саланың қиындығы мен оң тұстары қатар айтылып, фактпен дәлелденеді. Бұл өз кезегінде оқушыға ертерек өзі қалаған мамандықты анықтап, соған оқытатын оқу орнына түсуге дайындық жүргізуге мүмкіндік сыйлайды.

Жастардың бос уақытын, әсіресе жазғы демалысында жұмыс істеуге жағдай жасау – басты мақсат. Сондай-ақ студенттердің ерте кезден жұмыс істеп, табыс табуына да жағдай жасалған. Бұл болашақ жас маманның өзіне деген сенімділігін арттырып, жұмыс істеуге деген құлшынысын арттырады. Бірақ студенттің оқу үлгерімі қатаң бақылауда болып, білім алуына кедергі болмайтындай жұмыс графигін жасақтау мүмкіндігі бар. Міне, осындай әрекеттердің нәтижесінде дамыған елдерде жұмыссыздық деңгейін төмендету қолға алынған.

P.S. Болашақта ел тұтқасын берік ұстар жастарды тәрбиелеу үшін олардың сапалы білім алуына жағдай жасап, жұмысқа орналастыру маңызды. Дипломнан гөрі жұмыс өтілін сұрайтын, жақында оқу орнын бітірген жас маманнан гөрі салада баяғыдан жүргендерді бірінші қабылдайтын Қазақстанда бұл мәселені шешу үшін жаңа жүйе дайындалатынына сенім мол. Дипломын қолына жақында алған жас маманнан білікті қызметкер шығатынына сену қажет. Сондай-ақ бүгінгідей жаһандық дағдарыс кезінде аз айлыққа өмір сүрудің өзі қиын екенін ескеру маңызды.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ

ОЛАРДЫҢ ӘР КҮНІ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУМЕН ӨТЕДІ

Өкінішке орай, біздің қоғамда тағдыр тәлкегіне түскен, өмірдің ауыр соққысына тап келген жандар бар. Бес саусақтың бірдей болмайтыны секілді, қоғамда түрлі қиындығы жетерлік адамдар көптеп кездеседі. Біреудің тағдырына жалғыздық жазылса, екіншісінің денсаулығы сыр береді. Ал өмірден баз кешіп жүрген жандар қоғамнан бір-ақ нәрсені күтеді. Ол – мейірімділік. Осындай қиын жағдайда жүрген кісілердің жылы сөзбен жанын жылытып, жүзіне қуаныш сыйлайтын мейірімді мамандық иелері бар. Олар – әлеуметтік қызметкерлер. Бұл мамандық иелері бұйымтайын айтып келген бұқараның өтінішін тыңдайды, тілегін орындауға тырысады, шамаларынша кез келген жәрдемін жасайды. Осы орайда, бұл салада қызмет етіп жүрген жандардың еңбегі ерен екенін айтып өткен жөн. Әлеуметтік қызметкер болу үшін темірдей төзім керек-ақ. Себебі сенен үміт күтіп келіп отырған жанға жауап беру қажет. Олардың үмітіне селқостық түсірмей, қамқорлық күткен жанды жұбата білу де үлкен жүректілікті қажет етеді. Сондықтан да әлеуметтік қызметкер болу үлкен жауапкершілікті, әділдікті, мейірімділікті талап етеді.

Қазан айының соңғы жексенбісі – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бүгінде елімізде 12 мыңнан астам әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Олар халықтың әртүрлі санатына өмір сүру сапасын жақсарту және күрделі өмірлік жағдайдан шығу үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Мәселен, жалғызбасты қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде балаларға, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ жандарға көмек қолын созу – олардың негізгі міндеті.

Әрбір қала, әрбір ауданда әлеуметтің әлжуаз тобына сүйеу мамандар жетерлік. Бүгінде біздің аймақта осы салада 500-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметі де әлеуметтік көмекке және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бастап, тұрақты жұмыспен қамту, мүгедектерді оңалту және өзге де әлеумет үшін маңызы зор қызметтерді атқарып келеді. Сонымен қатар жыл сайын әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің саны артып, әртүрлі санаттағы мұқтаж жандарға оңтайландырылған көмек көрсетілуде. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев кеңінен айтып өтті.

Аймақта 9 жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы мен басқармаға қарасты 5 медициналық әлеуметтік мекеме бар. Онда 75 мыңға жуық адамға әртүрлі бағытта қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде барлығы 8 үкіметтік емес ұйыммен жұмыс жүргізеді. Соның ішінде, 5 психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған 6 мүгедектігі бар 45 адам мен 148 балаға арнаулы әлеуметтік көмек берілді.

– Аймақта 9 жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы мен басқармаға қарасты 5 медициналық әлеуметтік мекеме бар. Онда 75 мыңға жуық адамға әртүрлі бағытта қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде барлығы 8 үкіметтік емес ұйыммен жұмыс жүргізеді. Соның ішінде, 5 психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған 6 мүгедектігі бар 45 адам мен 148 балаға арнаулы әлеуметтік көмек берілді. Бүгінгі күні еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру бағытында Солтүстік өңірлерге 135 отбасы қоныс аударып, 158 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Ал 3 жерлесіміз кәсіпкерлікпен айналысуда. Сондай-ақ облыста 31 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат тіркелген. Оның 20 мыңнан астамы оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тиісті көмектермен қамтамасыз етілді. Мүгедектігі бар азаматтардың қоғамдық орындағы қозғалысын жақсарту мақсатында биыл 277 нысанның бейімделуі жоспарланған болатын. Қазіргі таңда бюджеттік және басқа да қаржы есебінен 128 нысанға бейімдеу жұмыстары жүргізілді, – деді басқарма басшысы.

Бұл – әлеуметтік қызметкерлердің атқарған игі ісінің бір парасы ғана. Мұндағы мамандардың жұмыс ауқымы кең. Олардың күнделікті жұмыстарының өзі тұтастай көмек беруден құралған. Ол мамандардың бір күні текке өтпейді. Әр күндері жұртқа жақсылық жасаудан басталады.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ЖАСТАР АРМАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚАНДАЙ?

Республика күніне орай Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған «Менің арманымдағы Қазақстан» атты эссе байқауының жеңімпаздары анықталды. Жүлдегерлер қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің III курс студенті Ердәулет Қалиев бар.

Байқау жеңімпаздарына Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан дипломдар табысталды.

– Эссе байқауы жастардың азаматтық сана-сезімін дамытуға, ел тағдырына қатысты сезімін және оның болашағы үшін жауапкершілікті тәрбиелеуге, шығармашылық әлеуетті жандандыруға, жастардың ұлттық сана-сезімін дамытуға бағытталған. Республика күні қарсаңында байқау жеңімпаздарын жоғары оқу орындарының ректорлары марапаттады. Сіздердің жұмыстарыңыз үздіктердің үздігі болып таңдалды. Марапаттарыңыз құтты болсын! Сіздерге сәттілік пен жетістіктер тілеймін! – деді ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Ердәулет Қалиев – Қорқыт ата атындағы Қызылода университетіндегі «Журналистика» мамандығының студенті және республикалық «Халық» газетінің тілшісі. Қоғамдық шараларға белсене қатысатын Ердәулет Сәрсенұлы осы кезге дейін XIV республикалық пәндік олимпиадада III орын, Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастырған үздік ғылыми жобалар байқауында I орын, GoSkiLLz- әлеуметтік желілерге арналған сапалы контент өндіру мен нетворкингке ден қою тәсілдері семинар-тренинг аясында өткізілген байқауда жеңімпаз атанған.

Ал «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе конкурсына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 235 білім алушысы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қатысып, байқау жүлдегерлеріне арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Ал «Атамекен» тақырыбында өткен университетішілік диктантқа жалпы саны 1210 білім алушы қатысты. Орфографиялық заңдылықтарды сақтап, көркем жазумен ерекшеленген 20 студент үздік деп танылып, университет ректорының Алғыс хаты мен естелік сыйлықтарын иеленді.

АЛТЫН ТІННІҢ ЖАЛҒАСЫНДАЙ БОЛҒАН ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР

Алтай мен Атыраудың арасын жайлаған осынау ұлы далада батыр түгіл ханның өзін бір ауыз сөзімен тоқтатқан небір жыраулар өткен. Қазақ хандығының бастауында Керей мен Жәнібек хандар тұрса, оларға ақылшы болған, жөн сілтеген Асан қайғы, Қазтуған секілді сол кездің аса дарынды тұлғалары екені тарихтан белгілі.

Хандық дәуір әдебиетінде Шалкиіз, Доспамбет, Жиембет, Марғаска Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқарадай жыраулардың сайын даланы мекендеген халықтың болашағы үшін жан алыса күрескені айтылады. Жыраулық поэзияның көрнекті өкілі ретінде Бұхар бабамызды айтып өтуге болады. Үш жүздің басын біріктірген хан Абылайға кеңесші болған Бұхар жырау елдік пен бірлікті, батырлық пен өрлікті жырлаған жан. Одан кейін тарих бетіне Махамбет, Шернияз, Нысанбай, Құрманай Төремұрат, Доғалақ, Сүйінбай, Дулат, Шортанбай, Мұрат Мөңке, Әбубәкір, Абыл, Нұрым, Қашаған, Базар сынды жыраулар шықты. Ізгі өнер Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Тұрымбет, Жиенбайдай өнер иелері арқылы бүгінге жетті.

Осы тұста сөз арнасын Сыр өңіріндегі жыраулық дәстүрге бұрғанды жөн көріп отырмыз. Өйткені тарихы тереңнен тамыр тартқан өлкеде бұл өнерді ұстаушылар, шәкірт тәрбиелеп кейінгіге мұра етушілер әлі де бар. Бір кездері Тұрмағамбет, Базар жыраулар салып кеткен сара жол Жиенбай, Рүстембек, Нартай, Балқашбай, Көшеней Рүстембеков, Қуандық Бүрлібаев, Шәмшат Төлепова, Алмас Алматов, Рысбек Әшімов, Бидас Рүстембековтер арқылы жалғасты.

Қазір Сыр бойында Жиенбай, Нұртуған, Нартай мақамдарына негізделген жыраулық өнердің бірнеше мектебі бар.

Жиенбай жырау мектебі Қармақшы өңіріне тән болса, Нартай мектебі Шиелі жерінен бастау алады. Қармақшы жыраулық дәстүріндегі негізгі ерекшелік ретінде дауыстың немесе ондағы мақам саздың көмейден шығатынын айтып өтуге болады. Аңдаған адамға дыбыстың қарлығыңқы, қою болып шығатыны бірден көзге ұрып тұр. Бұл мектептің негізгі өкілдері ретінде Жиенбай, Рүстембек, Әбділдә, Балхашбай, Мұзарап, Көшеней, Бидас, Алмастай жырауларды атап өтуге болады. Ары қарай бұл тізім Серік Жақсығұлов, Руслан Ахметов, Үлжан Байбосынова, Күнсұлу Түрікпен болып кете береді.

Шиелі жерінен бастау алатын Нартай мектебі Арзулла Молжігітов, Әбіләш Әбуовтер арқылы қанат жайды. Бұл өнерді ары қарай Құрменбек Бекпейісов жалғады. Ақын Кенжебай Жүсіп айтыстарда Нартай мақамдарын қолданды. Арзулланың тікелей шәкірті болған Рахметулла Жолтаевты да айтып өткен абзал. Бүгінде Шиелі ауданының орталығында Нартай өнер мектебі жұмыс жасайды. Онда осы өлкеден шыққан көптеген ақын-жыраулардың өлеңдері жастарға үйретілуде.

Біз әңгіме арқауына айналдырған өнер иелерінің әрбірі келешекке ғибрат боларлық саналы жолды жүріп өткен. Жыраулық өнердің әдебиеттің ажырамас бөлігі екені белгілі. Осыдан-ақ рухани жаңғырудың әдебиеттен нәр алатынын көруге болады.

Сүйінбай ЖҰМАДІЛДӘЕВ

ҚҰМИЯН ТУРАЛЫ АҢЫЗ НЕМЕСЕ КЕТПЕННІҢ ОРТАСЫ ҚАЛАЙ ТЕСІЛГЕН?



Жеті нан неге таратылады? Шаруа құралы саналатын кетпеннің ортасы не себепті тесілген? Көне шаһарлар жайлы сөз қозғалғанда әңгіменің бір ұшын әкеліп не үшін жыландармен байланыстырады? Мұның құпиясы не? Осы сұрақтардың барлығына жауапты бір ғана Құмиян атты көне шаһарға байланысты айтылатын аңыздан табуға болады.

Жалпы бұл қала туралы ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер баршылық. Алайда олардың барлығы жыланмен байланысты болып келеді. Тіпті мистикалық оқиғаларға құрылған әпсаналарда бұл қаладағы тіршіліктің тоқтауына да жыландар себеп болғаны айтылады. Сондай оқиғаның бірін Сыр өңірінің тумасы, талай жыл Талап ауылында тұрған ақсақал, жасы 90-ға таяп өмірден өткен Әбубәкір Даниярұлы айтып берді.

Оқиға желісі былай баяндалады. Бір күні халқы көп, қайнаған тіршілігі бар Құмиян қаласынан бір шаруа отын шабуға барады. Бір жыңғылдың түбінен ысылдаған жылан шығыпты. Дереу қолына кетпен алып, әлгі жыланның басын шауып тастайды. Бір қызығы, әлгі жерден бірінен соң бірі жеті жылан шығыпты. Шаруа барлығын өлтіріп тынады. Отынын шауып, үйіне келгеннен кейін көрші қартқа болған оқиғаны баяндайды. Көпті көрген қария дереу шаһар басшысына хабар беріп, қаладан кету керектігін айтады. Алғашында қала бегі мән бермей, бір алжыған шалдың әңгімесіне балайды. Дегенмен сол түні қаланы жылан басып қалады. Небір ер-азаматтар семсерлерін қыннан суырмай жатып құрбан болады. Ақыры, болмаған соң бек қалған халықты қаладан аман алып шығуды бұйырады. Өзі қасына осындай оқиға болатынын айтқан қарияны алдырып, мына сұмдықтан құтылудың жолын іздейді. Сонда қария: «Біздің шаруа ордалы жыланның ордасын бұзған. Енді олар соны тапқанша тыныштық таппайды» – дейді. Қала басшысы: «Онда сол шаруаны берейік те құтылайық мына пәледен» деп шаруаны алдыртады. Қария болса жыландар бір алған қамалын оңайлықпен босатпайтынын айтып, шаруаны ажалға итермелеуден еш пайда жоқтығын жеткізеді.

Қала сыртына шыққан соң елді бір жерге жинаған қария кісі бойындай ор қаздырады. Оның ішіне әлгі шаруаны түсіріп, басына жеті нан қояды. Жеті нанның үстіне «жыланды кетпен шапты ғой» деп жеті кетпен қойдырыпты. Ордағы адамға аждаһа оңай жетпеуін ойлап кетпеннің үстіне жеті қазанды төңкертеді. Бұлар осы әрекетті жасап болғанша қаланы түгел тінтіген жыландар арттарынан қуып жетеді. Бірден әлгі орға қарай беттеген жыландар жеті түрлі қазанды жеті жаққа ұшырып жібереді. Ішінен біреуі ысылдаған бойы жеті кетпенді тесіп өтеді. Содан бері кетпеннің ортасы тесік болып жасалады екен. Жеті қазан мен жеті кетпеннен өтсе де шаруаның басында тұрған жеті күлше наннан өте алмай тоқтаған екен. Жыландар өз бетімен кетеді. Шаруаны ордан шығарып алған қария жеті күлше нанды айналадағы жеті елге таратып береді. Содан бері сайын даланы мекендеген жұртшылық иіс шығарғанда, Құран оқытқанда жеті нан таратуды әдетке айналдырыпты.

Бұл менің Әбубәкір қариядан естігенім еді. Қазір ол кісі өмірде жоқ. Бір өкінетінім, бұл қай кезде болған оқиға екенін сұрамаппын.

Ғаламтор энциклопедиясы саналатын уикипедиялық мәліметтерде Құмиян XII-XIII ғасырларда болған қала екені, оның Келінтөбе ауылының оңтүстік-батыс жағында 30 шақырымдай қашықтықта орналасқаны айтылады. Сонымен қатар Сырдарияның құрғап қалған арнасынан 3-4 шақырым жерде тұрғаны, оның тік төртбұрышты қала екені, көлемі 210х180 метрге жуықтайтыны жайлы мәліметтер бар. Қорғанның кейбір сақталған биіктігі 5-6 метрді құрайды. Дуалының ені – 3-3,5 метр шамалас. Оңтүстік жағындағы екі бұрышында мұнараның құлаған орны 2,5 метр төбе болып жатыр. Қорғанның құрылыс жүйесіне қарағанда төрт жағында бес-бестен мұнара болған. Мұнаралардың арасы – 35 метр. Қақпасы оңтүстік-шығысында орналасқан. Қорғанның сыртын айналдыра қазылған ордың ені 8 метр болса, тереңдігі 1,5-2 метрге жуық.

Иә, біздің заманымызға дейін жеткен Құмиян тағы қандай сырды сақтап жатқаны бізге беймәлім. Тек білетініміз оның сақталған орны әлі күнге дейін өзін тарихта болғанын айтып жатқандай көрінеді.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ТОРЫШТАҒЫ ТАСТАР

Адам баласының өмірі қызық. Кейде ең жақын араласқан досыңмен жылдар бойы хабарласпай кетесің. Тіпті қанша жерден сағынсаң да, сол досыңа баратын уақыт таппайсың. Себебі, жұмыстан қолың босамайды, тіпті күйбең тірліктің өзінен бас алмайтын кездер болады. Сондай күндердің бірінде студент шағымызда бірге оқыған Нұржан Нұрманов есімді жігіт хабарласты. Бүгінде Ақтауда тұратын досым өзі тұратын қалаға қонаққа шақырды. Сол аймақтың киелі жерлеріне саяхаттауды теріс көрмейтінімді айтқанымда «Бекет ата» мен «Торыш даласын» ұсынды.

«Бекет атаны» бұрыннан естіп, біліп жүрміз. Ал «Торыш даласы» құлаққа бейтаныстау естілді. Содан не керек, ғаламторды ақтарып мәлімет іздей бастадым. Сөйтсем, бұл сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес керемет жер екен. Торыш жайлы жазылғандарды оқып, оның бүгінгі күнге дейін бағасын ала алмай жүрген аймақтың бірі екенін түсіндім. Ол киелі Маңғыстау жерінде орналасқан. Бұл аймақта неше түрлі домалақ тастар бар. Құдды бір қолмен жасап қойған секілді. Дегенмен ондағы табиғат тамашаларын көргенде еріксіз елітеді екенсің. Бұл даладағы құпия сырын ғалымдар да тап басып айта алмай келеді. Адам бойындай алып тастар тұтас бір алқапты алып жатыр. Ғылымда мұндай дөңгелек пішіндес тастарды конкреция деп атаушылық бар. Ол – радиал-сәулелі құрылым. Көбіне конкрециялар болпылдақ шөгіндіден жиналып, шағыл құмдар және балшықтардан қыртысталады. Ғалымдардың айтуынша, осыдан 120-180 млн жылдай бұрын дәл осы далада тосын құбылыс болуы әбден мүмкін. Ол шамамен мезозой дәуіріне сәйкес келеді.

Жергілікті жұрт бұл тастарды аңыз-әңгімелермен байланыстырады. Есте жоқ ескі дәуірде Маңғыстау жеріне санынан адам жаңылатын жау келіпті. Олардың көптігі сонша, тіпті ана шеті мен мына шетіне адамның көзі жепейді екен. Жер қайысқан қолға жергілікті жұртта қарсы тұрарлық қауқар болмайды. Олар Жаратқанға жалбарынып, дұшпаннан құтқаруды сұрайды. Бір ғажабы, осы кезде адам сенгісіз оқиға болған. Күн күркіреп, найзағай ойнайды. Нөсерлеп жауын жауады. Бүгінде Торыш жерінде жатқан домалақ пішіндес тастар сол кезде пайда болыпты. Жаудың әрбір адамы тасқа айналған. Шар тәрізді конкрециялар осылайша пайда болған көрінеді. Ел аузындағы аңыздар осыны меңзейді.

Торышқа бармасам да оның суретіне қарап тәнті болдым. Барып көретін жер екен деген ойға келдім. Қазақ даласында бұдан да басқа әлі қанша біз білмейтін киелі орындар бар. Ұшқан құстың қанаты, шапқан тұлпардың тұяғы талатын Қазақстан жері кеңдігімен де, киелілігімен де ерекше әрі қасиетті екенін ұмытпайық.

К.СҰЛТАН

«ҚЫЛЫШТӨБЕ» МЕН «ҚАТЫНҚАЗҒАН»

Сыр бойында тарихи жағдайлар мен аңыз-әпсаналарға байланысты жер-су атаулары баршылық. Солардың бірі – Арал ауданындағы «Қылыштөбе» аймағы мен «Қатынқазған» құдығы.

Әңгімені алдымен «Қылыштөбеден» бастайық. Ел аузындағы аңыздарда әйгілі Жанқожа батыр осы жерде ат шалдырып, демалып, қылышын сүйеген екен деп айтылады. Содан бұл таулы жер «Қылыштөбе» аталыпты. Жанқожадай халық батырының Хиуа, Қоқан хандықтарына, Ресей отаршылдарына қарсы қол бастаған қаһарман екені тарихтан белгілі.

«Қатынқазғанның» шығу тегі шапқыншылықпен, жаугершілікпен байланысты. Ол – Арал Қарақұмының батыс бөлігіндегі құдық.

Ертеде түрікмендер қазақ ауылына шабуыл жасап, елдегі ересек адамдардың бәрін қырып, құдықтарды көміп кетсе керек. Бұл шапқыншылықтан далада тезек теріп жүрген бір әйел ғана аман қалыпты. Ол ауылына келсе бірлі-жарым тірі қалған жаралы адамдар мен балаларды ғана көреді. Су болмаса, бұлардың қырылатынын біліп, жалғыз өзі құдық қазуға кірісіп, бірнеше күнде одан су шығарады. Осылай, «қатын қазған құдық» кейін талай жыл адамдарға қызмет етіп, маңайына ел үйірілген.

А.БЕК

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 Тапсырыс №1820

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА